

**Қайта өңдеуші кәсіпорындардың ауылшаруашылық өнімін тереңдете қайта өңдеп өнім шығаруы үшін оны сатып алу шығындарын субсидиялау нормативтерін бекіту туралы**

Жамбыл облысы әкімдігінің 2024 жылғы 05 шілдедегі № 169 қаулысы

"Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы" Қазақстан Республикасының Заңының 7-бабы 2-тармағының 12-7) тармақшасына сәйкес, Жамбыл облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қайта өңдеуші кәсіпорындардың ауылшаруашылық өнімін тереңдете қайта өңдеп өнім шығаруы үшін оны сатып алу шығындарын субсидиялау нормативтері осы қаулының қосымшасына сәйкес бекітілсін.

2. "Жамбыл облысы әкімдігінің ауыл шаруашылығы басқармасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы қаулыға қол қойылған күннен бастап бес жұмыс күн ішінде оның қазақ және орыс тілдеріндегі электрондық түрдегі көшірмесін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің "Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорыны Жамбыл облысы бойынша филиалына ресми жариялау және Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін жолдаудың;

2) осы қаулының ресми жариялағаннан кейін оның Жамбыл облысы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Жамбыл облысының әкімі*

*Е. Қарашөкеев*

Жамбыл облысы әкімдігінің

2024 жылғы "\_\_\_" \_\_\_\_\_

№ \_\_\_ қаулысына қосымша

**Қайта өңдеуші кәсіпорындардың ауылшаруашылық өнімін тереңдете қайта өңдеп өнім шығаруы үшін оны сатып алу шығындарын субсидиялау нормативтері**

№	Ауылшаруашылық өнімінің атауы	Тереңдете өңделген өнімдердің атауы	Өнім бірлігіне арналған субсидиялар нормативі (теңге/ килограмм)
1.	Шикі сүт	Сары май	47
2.	Шикі сүт	Қатты ірімшік	48

3.	Шикі сүт	Құрғақ сүт (майы алынбаған, майы алынған )	42
----	----------	--	----

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК